

Мәжбүрлі еңбекті жою туралы туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 14 желтоқсан N 117-II Заңы

Женевада 1957 жылғы 25 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 40-сессиясы қабылдаған Мәжбүрлі еңбекті жою туралы Конвенция (105-конвенция) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Ә. Назарбаев

Мәжбүрлі еңбекті жою туралы № 105 Конвенция (Женева қ., 1957 ж. 25 маусым)

(2002 жылғы 18 мамырда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және 1957 жылдың 5 маусымында өзінің қыркыншы сессиясына жиналған, Халықаралық Еңбек ұйымының Бас Конференциясы сессияның күн тәртібінің төртінші тармағы болып табылатын мәжбүрлі еңбек туралы мәселені қарап, 1930 жылғы Конвенцияның мәжбүрлі еңбек туралы ережелерін ескере отырып, міндетті немесе мәжбүрлі еңбек құлдыққа тең жағдайларға апарып соқтырмауы үшін барлық шаралар қолдануды көздейтін құлдық туралы 1926 жылғы Конвенцияны және борышқор кіріптарлық пен басыбайлы тәуелділікті толық жоюды көздейтін құлдықты, құл саудасы мен құлдыққа ұқсас институттар мен ғұрыптарды жою туралы 1956 жылғы Қосымша конвенцияны назарға ала отырып, жалақыны қорғау туралы 1949 жылғы Конвенция жалақының уақытында төленуін көздейтінін және еңбеккерлердің жұмыстан кету мүмкіндігінен айыратын қандай да болсын еңбекақы жүйесін қолдануға тыйым салатынын назарға ала отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында айтылған және Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясында жарияланған мәжбүрлі және міндетті еңбектің кейбір түрлерін жоюға қатысты қосымша ұсыныстар қабылдауға қаулы ете отырып, осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, осы бір мың тоғыз жүз елу жетінші жылдың жиырма бесінші маусым айында, мәжбүрлі еңбекті жою туралы 1957 жылғы Конвенциясы деп аталатын төмендегі Конвенцияны қабылдайды:

1-бап

Осы Конвенцияны бекітетін Халықаралық Еңбек Ұйымының әрбір Мүшесі мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті жоюға және оның қандай да бір болмасын нысанына:

а) саяси ықпал ету немесе тәрбие құралы ретінде немесе белгіленген саяси, әлеуметтік немесе экономикалық жүйеге қарсы саяси көзқарасын білдіргені немесе идеологиялық сенімі болғаны үшін жазалау шарасы ретінде;

б) экономикалық даму мұқтаждығы үшін жұмыс күшін жұмылдыру мен пайдалану құралы ретінде;

с) еңбек тәртібін қолдау құралы ретінде;

д) ереуілдерге қатысқаны үшін жазалау құралы ретінде;

е) нәсілі, әлеуметтік және ұлттық қатыстылығына немесе дінге сенуіне қарай кемсітушілік шаралары ретінде жүгінбеуге міндеттенеді.

2-бап

Осы Конвенцияны бекітетін Халықаралық Еңбек Ұйымының әрбір Мүшесі осы Конвенцияның 1-бабында аталған мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің түрлерін дереу және толық жою үшін тиімді шаралар қабылдауға міндеттенеді.

3-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы грамоталар Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директорына тіркеу үшін жіберіледі.

4-бап

1. Осы Конвенция бекіту туралы грамоталарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесінің бекіту туралы грамоталарын Бас Директор тіркегеннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Соңынан бұл Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты өзінің бекіту туралы грамотасын тіркеген күннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

5-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілген сәтінен бастап он жыл мерзім өткен соң оны Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акті арқылы күшін жою алады. Күшін жою осы күшін жою туралы актіні тіркегеннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі жоғары тармақта айтылған он жыл кезең өткеннен кейін бір жыл мерзім ішінде күшін жою туралы осы

бапта көзделген өзінің құқығын пайдаланбаса, келесі он жыл мерзімде байланысты болады және соңынан әрбір он жылдық біткен сайын осы Конвенцияның күшін осы бапта белгіленген тәртіппен жоя алады.

6-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Ұйым Мүшелерінен алған бекіту туралы грамоталарды, күшін жою туралы өтініштер мен актілерді өзінің тіркегені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне хабарлайды.

2. Бекіту туралы өзі алған екінші грамотаның тіркелгені туралы Ұйым Мүшелеріне хабарлай отырып, Бас Директор олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

7-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін бекіту туралы алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өздерінде тіркелген барлық құжаттарға қатысты толық мәліметтерді, өтініштер мен күшін жою актілерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

8-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп тапқан әрбір ретте Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндаманы ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді.

9-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаған жағдайда және жаңа конвенцияда керісінше көзделмеген б о л с а , о н д а :

а) Ұйымның қайсыбір Мүшесінің жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітуі, жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген жағдайда, 5-баптың ережелеріне қарамастан осы Конвенция күшінің жедел түрде өзінен өзі жойылуына әкеп соқтырады;

б) жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция оны Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны бекіткен, бірақ жаңа қайта қараушы конвенцияны бекітпеген Ұйымның Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан күшінде қалады.

10-бап

Осы Конвенцияның ағылшынша және французша мәтіндері бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК